

НАУҚАНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: «Кселл» АҚ (бұдан былай –Ұйымдастырушы)

«Музыкалық жарыс» науқаны (бұдан былай - Науқан) Ұйымдастырушының Қазақстан Республикасының аумағында өткізетін науқаны.

Науқанды өткізу мерзімі: 2015 жылдың 18 қарашасынан бастап 2015 жылдың 31 желтоқсанына дейін (қоса алғанда).

Науқанға абоненттік нөмірлері жеке тұлға атына (ЖК «басқа») тіркелген, 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары немесе Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты бар шетел азаматтары болып табылатын «Кселл» АҚ барлық Activ сауда таңбасындағы абоненттер қатыса алады. Науқанға Ұйымдастырушының қызметкерлері, олардың жақын туыстары (әйелі/күйеуі, ата-анасы (әкесі, анасы), қызы, баласы, асырап алушылары, асыранды балалары, толық не жартылай туысты аға-інілері мен сіңілі-әпке-қарындастары, әжесі, атасы, немерелері) және Ұйымдастырушы дилерлері қатыстырылмайды.

НАУҚАНДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ:

1. Науқанды өткізу шарттары:

- 1.1. Науқан қатысушысы ретінде осы Ереженің 1.6 тармағына сәйкес Науқанды өткізу мерзімінде Simfonia /Өз Simfoniam қызметінің шеңберінде 20 және одан астам күн бойы әуендерге және/немесе қалжыңдарға жазылған Simfonia /Өз Simfoniam қызметін пайдаланушысы танылады.
- 1.2. Науқан ұзақтығы 44 күн.
- 1.3. **Науқан қорытындысы бойынша Науқан мерзімінде Simfonia /Өз Simfoniam қызметінің шеңберінде ең көп сатып алынған әуендері/қалжыңдары бар Науқан қатысушысы Науқан жеңімпазы (бұдан былай - Жеңімпаз) болып танылады (осы Ереженің 1.6 тармағына сәйкес).**
- 1.4. Науқан Қатысушысы болу үшін абонентке Simfonia/Өз Simfoniam қызметін қосып, әрекет ететін коммуникация арналарының бірі арқылы әуенді және/немесе қалжыңды сатып алу қажет:
 - IVR дауыстық мәзірі –2010 қысқа нөмірі
 - Қызметтің web-сайты www.simfonia.kz
 - Қызметтің wap-сайты wap.simfonia.kz
 - Simfonia үшін *125# және Өз Simfoniam үшін *126#. USSD мәзірі
 - Науқанға қатысу ұсынысы бар мәлімдеуші хабарламаларда жолданатын USSD пәрмендер
- 1.5. Осы Ережеде көрсетілген әрекеттерді орындаған Науқан қатысушылары осылайша Науқан Ережесімен және науқанға қатысу шарттарымен толық танысқандарын және олармен келісетіндерін растайды.
- 1.6. **Қатысушы нәтижесін есептеу процесін Ұйымдастырушы оның жеке компьютерін пайдалану арқылы келесідей ретте жүргізеді:**
 - 1.6.1. Нәтижелерді шығаруға төмендегілерді қоспағанда Науқан мерзімінде ғана Simfonia/Өз Simfoniam қызметінің шеңберінде сатып алғанға әуендер және/немесе қалжыңдар қосылады:
 - 1.6.1.1. 30 теңгеге Супер Хит әуендері;

- 1.6.1.2. «15 күнге тегін әуендер» бөлімінен алынған әуендер және/немесе қалжыңдар;
- 1.6.1.3. Тегін ұсынылатын әуендер және/немесе қалжыңдар (Тегін әуендер бөлімі);
- 1.6.1.4. Музыкалық қобдиша (музыкалық диск, музыкалық арна және музыкалық топтама).
- 1.6.2. Қатысушылардың Науқан шеңберінде әуендерді және/немесе қалжыңдарды сатып алу нәтижелерінің есебі Науқан аяқталған сәтте 2015 жылдың 31 желтоқсанында Астана қ. уақытымен 23:59 аяқталады.
- 1.7. Науқанды өшіру Simfonia қызметі үшін ***125*7#** және Өз Simfoniam қызметі үшін ***126*7# USSD сұранымын** жолдау жолымен жүргізіледі.
- 1.8. Егер абонент Simfonia/Өз Simfoniam қызметін өшірсе, ол автоматты түрде Науқанға қатысушылар тізімінен шығарылып, жұлдені алу құқығынан айрылады.
- 1.9. Осы Науқан шеңберінде жолданатын USSD сұранымдар тарифтелмейді.

2. ЖЕҢІМПАЗДЫ АНЫҚТАУ:

- 2.1. Науқан мерзімінде осы Ереженің 1.6 тармағына сәйкес Simfonia /Өз Simfoniam қызметінің шеңберінде ең көп сатып алынған әуендері/қалжыңдары бар Науқан қатысушысы Науқан жеңімпазы болып танылады. Егер осындай Қатысушы саны бірнешеу болса, Жеңімпаз ретінде Науқанға бірінші болып қатысуды бастаған қатысушы танылады. Осындай қатысушылар саны да бірнешеу болса, Науқан ұйымдастырушысы Жеңімпаз ретінде Simfonia / Өз Simfoniam қызметін бірінші болып қосқан қатысушыны таңдайды.
- 2.2. Жүлдегер **Daewoo Nexia** автомобилі түріндегі жүлде иегері болады.
- 2.3. Егер Жүлдегер болып танылған абонент Операторға осы ереженің «Жұлделерді табыстау» тармағында көрсетілген құжаттарды 3.2 тармағында көрсетілген мерзімдерде ұсынбаса немесе осы абонент Ұйымдастырушы қызметкері, оның жақын туысы немесе Ұйымдастырушы дилері болып табылса, ол Науқан қатысушыларының тізімінен шығарылып, жұлдені алу құқығынан айрылады.
- 2.4. Жүлдегерді анықтау және Науқанның соңғы нәтижелерін жариялау Науқан аяқталғаннан кейінгі 20 күн ішінде жүргізіледі, бұл туралы Жеңімпазға SMS мәлімдеме жолданады.
- 2.5. Науқан нәтижелері Жеңімпаздың тегі мен аты және әкесінің бас әріптерін көрсетумен Ұйымдастырушының activ.kz ресми сайтында Жаңалықтар бөлімінде жарияланады.

3. ЖҮЛДЕЛЕРДІ АЛУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ:

- 3.1. Науқан бойынша Жүлдегермен Ұйымдастырушы өкілдері Науқанға қатыстырылған абоненттік нөмір арқылы соңғы нәтижелер жарияланған күннен бастап 3 күн ішінде жеке басын куәландыратын құжат туралы ақпаратты алу үшін хабарласады.
- 3.2. Егер Ұйымдастырушы өкілдері қандай да бір себептермен көрсетілген мерзімде Жеңімпазға хабарласа алмаса, Жеңімпаз Ұйымдастырушы өкілдеріне Ереженің 2.5. тармағына сәйкес соңғы нәтижелер жарияланған күннен бастап 3

күн ішінде Ұйымдастырушының Call-орталығы немесе жеке кеңселері арқылы хабарласып, Ереженің 4 бөлімінде көрсетілген ақпаратты беруге міндеттеледі.

3.3. Ұйымдастырушының 3.2. тармағында көрсетілген мерзімде осы Ереженің 4 бөлімі «Жұлделердің табыстау» бөліміне сәйкес жүлдені алуы үшін қажет деректерді алмаған жағдайында жүлдені Жеңімпаз талап етпеген болып саналып, Ұйымдастырушы оны беруден бас тартуға құқылы болады. Бұл ретте жүлдені ол қайта талап ете алмайды.

3.4. Егер Жеңімпаз кез келген себеппен жүлделерді алуды талап етпесе немесе бас тартса, сондай-ақ Ереженің 2.3 тармағымен ескерілген жағдайда Ұйымдастырушы талап етілмеген жүлдені өз бетінше пайдалануға, оның ішінде осы Ереженің 1-2 бөлімдеріне сәйкес жаңа Жеңімпазды анықтауға құқылы болады.

3.5. Ұйымдастырушы Жеңімпаздың осы Ережемен ескерілген шарттарды, Жария шарт, ағымдағы заңнама талаптарын орындамаған жағдайда жүлдені беруден бас тартуға құқылы.

3.6. Жеңімпазды марапаттау 2.4 тармағына сәйкес Науқан Нәтижелері шығарылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушының Жеңімпаздың осы Ереженің 4 Бөліміне сәйкес ұсынған ақпараты бойынша жақын орналасқан Kcell орталығында өтеді. Оны өткізу күні және жүлделерді табыстау уақытын Ұйымдастырушы Жеңімпазға алдын ала жолдайды.

3.7. Жүлдені Жеңімпаздың тұратын жері бойынша жеткізу жүргізілмейді.

3.8. Науқан жүлдесі (жүлде қоры) орнықты және оны Ұйымдастырушы өз есебінен Науқанды өткізудің басталуына дейін қалыптастырды.

3.9. Ұйымдастырушы жүлде сапасына жауап бермейді. Науқан жүлдесінің сапасына оны өндіруші (дайындаушы) жауап береді.

3.10. Ұйымдастырушы Науқан жүлдесінің Қатысушылардың жеке күткендеріне сәйкес келмеуіне жауапты болмайды.

4. ЖҮЛДЕЛЕРДІ ТАБЫСТАУ:

4.1. Жүлдені алу үшін Жеңімпаз төмендегі құжаттарын ұсынуы тиіс:

4.1.1. ЖСН көрсетілген Жеке басын куәландыратын құжат;

4.1.2. Абоненттік нөмірдің абонент атына тіркелуінің расталуы.

5. ЖҮЛДЕЛЕРДІ ОЛАРДЫҢ АҚШАЛАЙ БАЛАМАСЫМЕН АЛМАСТЫРУ МҮМКІНДІГІ:

5.1. Осы Науқан шеңберіндегі жүлделерді ақшалай баламамен алмастыру ескерілмеген.

6. НАУҚАННЫҢ ҚОСЫМША ШАРТТАРЫ:

6.1. Науқан туралы толық ақпаратты www.activ.kz сайтынан алуға болады.

6.2. Ұйымдастырушы қатысушыларды SMS арқылы, сондай-ақ www.activ.kz сайтында сәйкес ақпаратты орналастыру арқылы хабардар ету арқылы осы Науқан шарттарын өзгертуге құқылы.

6.3. Ұйымдастырушы төмендегіге жауапты болмайды:

- 6.3.1.** Қатысушылардың өз кінәларымен немесе Ұйымдастырушыға қатыссыз басқа да себептермен науқан жүлделерін алу үшін қажет деректердің/құжаттардың уақтылы алынбауына/мүлде алынбауына;
- 6.3.2.** Науқан Қатысушыларының осы Ережемен ескерілген міндеттерді уақтылы орындамауларына/ мүлде орындамауларына;
- 6.3.3.** Жеңімпаздың кез келген себеппен жүлдені алмауына.
- 6.4.** Науқанға қатыса отырып, Қатысушы Науқанға қатысу туралы жарнамалық сұхбатқа қатысуға, оның ішінде радио мен телевизия, басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ Ұйымдастырушының және/немесе Ұйымдастырушының тапсырмасымен үшінші тұлғалардың Қатысушылардың фото және бейне-түсіріліміне қатысуға келіседі. Оған қоса Қатысушы Қатысушыдан оның тарпынан қандай да бір қосымша келісімді немесе сыйақы төлеместен онымен (Қатысушымен) фото және бейнежазбаларының пайдаланылуына (тіпті материалдың жарнамалық сипатта болғанына қарамастан), сондай-ақ Ұйымдастырушының Науқанды өткізу мақсатында Қатысушының дербес деректерін пайдалануына (жиналуына және өңделуіне) келісімін растайды.

(Ұйымдастырушы) абоненттерін қосымша қызметтерді пайдалануларын ынталандыру мақсатында өткізеді.

- 8.5. Науқанды жүргізуге байланысты барлық даулар келіссөз тәртібімен жүргізілуі тиіс. Дауды келіссөзбен шешу мүмкін болмаса, дау Қазақстан Республикасының қоланыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының әрекеттегі сотымен шешілуге жатады.
- 8.6. Ұйымдастырушыға Қатысушының Науқанды өткізу барысында үшінші тұлғалардың құқықтары бұзылуына байланысты үшінші тұлғалардың қандай да бір шағымдарының болуына байланысты Қатысушы осындай шағымдарды өз бетінше реттеуге міндеттеледі;
- 8.7. Осы Науқанды өткізу Ережесін Ұйымдастырушы activ.kz сайтында жариялайды.

Науқанға қатысты барлық сұрақтар бойынша Абоненттер Ұйымдастырушының Call center-не хабаралса алады: Activ абоненттері үшін 3030

НАУҚАНҒА ҚАТЫСА ОТЫРЫП, СІЗ ОСЫ ЕРЕЖЕМЕН ТОЛЫҚ КЕЛІСЕСІЗ.